

“Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті” Комерциялық емес акционерлік қоғамы	Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби	Non-commercial joint stock company "Al-Farabi Kazakh National University"
--	--	---

Документ номері	Нұсқасы	Күшіне ену күні	Келесі қайта қарау күні
1	1	2021ж	2024ж
Документ атауы:	Филология факультетінің Шет тілдер кафедрасы туралы ережелер жиынтығы		
Бекітілген:	"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен		
	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Келісілген:	Басқарма мүшесі-оқу ісі жөніндегі проректор	Ф.Н. Жакыпова	
Келісілген:	Құқықтық құжаттамамен қамтамасыз ету департаментінің директоры	А.Е. Елчибаев	
Келісілген:	Стратегиялық даму орталығының директоры	Г.С. Минажева	
Келісілген:	Начальник управления кадровой работы	А.С. Мадияр	
Құрастырылған:	Факультет деканы	Б.У. Джолдасбекова	
Құрастырылған:	Кафедра меңгерушісі	Д.Ж. Досмагамбетова	

	ҚазҰУ	Күні: 2021	Басылым: бірінші
	Филология факультетінің Шет тілдер кафедрасы туралы ережелер жиынтығы	Е 18-07	2/6 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кафедра студенттер арасында ғылыми, ғылыми-зерттеу, оқу-ағарту қызметін және тәрбие жұмысын жүзеге асыратын, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды, мамандарды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін университеттің әкімшілік-құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.2. Кафедра қызметінің мәселелерін талқылау және тиісті шешімдер қабылдау үшін кафедра мәжілістері өткізіледі. Кафедра өз құзыреті шегінде оқу-әдістемелік және ғылыми қызмет мәселелерін дербес шешуге уәкілетті. Кафедра шешімдері кафедраның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

1.3. Бағдарына сәйкес кафедрада оқу немесе ғылыми-зерттеу зертханасы болуы мүмкін. Бұл құрылымдардың мақсаты - оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеулік, яғни кафедраның пәндері бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерінен материалдық-техникалық қамтамасыздандыру және қызмет көрсету.

1.4. Оқу және ғылыми-зерттеу зертханасының штаты олардың функционалдық қызметін қамтамасыз ететін оқу-көмекші қызметкерлер құрамы қатарынан қалыптастырылады және оны Басқарма төрағасы – ректор бекітеді.

1.5. Оқу және ғылыми-зерттеу зертханалары өз қызметі бойынша жедел құжаттаманы жүргізеді және оқу жылы аяқталғаннан кейін кафедраға өз есебін ұсынады.

1.6. Кафедраның оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы" Заңдары, Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары, университет жарғысы негізінде және ғылымды дамытудың басым бағыттарына, республиканы үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

1.7. Кафедра университет Ғылыми Кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен ұйымдастырылады.

1.8. Кафедра өз қызметінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жарғысын, 2022 жылға дейінгі даму стратегиясын, университеттің бұйрықтары мен өкімдерін, ішкі тәртіп ережелерін, корпоративтік мәдениет кодексін және университеттің СМЖ құжатталған рәсімдерін басшылыққа алады.

2. ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

2.1. Кафедра (жалпыуниверситеттік кафедраларды қоспағанда) келесі жайттар болған жағдайларда ұйымдастырылады:

- * мамандандырылған аккредиттеу;
- * кафедра бағдарына сәйкес келетін профессор-оқытушылар құрамының 40% - ының ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары болуы тиіс;
- * халықаралық грант лауреаттары, ҚР БҒМ "ЖОО үздік оқытушысы" грантының иегерлері;
- * мемлекеттік ғылыми стипендиялар, сыйлықтар иегерлері;
- * ғылыми мектептер, ғылыми гранттар және ғылыми жобалар;
- * ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) республикалық бюджет есебінен, университет қаражаты есебінен және шаруашылық келісімшарт негізінде;

	ҚазҰУ	Күні: 2021	Басылым: бірінші
	Филология факультетінің Шет тілдер кафедрасы туралы ережелер жиынтығы	Е 18-07	3/6 бет

- * ғылыми-зерттеу жұмысын (ҒЗЖ) заманауи қамтамасыз ету;
 - * ағылшын тілінде оқыту (бакалавриатта – 4 модуль, магистратурада және PhD докторантурада-білім беру бағдарламалары – ;
 - * шетелдік рейтингтік журналдардағы ғылыми жарияланымдар (Web of Knowledge Thomson Reuters дерекқоры бойынша);
 - * ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (ҚР БҒМ) ұсынған ғылыми басылымдардағы ғылыми жарияланымдар;
 - * ҚР БҒМ және РОӘК грифі бар монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары;
 - * патенттер, алдын-ала патенттер, инновациялық патенттер және авторлық куәліктер;
 - * аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен келісімдер, меморандумдар, шарттар;
 - * аккредиттелген әріптес ғылыми ұйымдармен бірлескен ғылыми жобаларды орындау және зерттеу базасын ұсыну туралы шарт;
 - * білім алушылардың оқу, өндірістік практикадан өтуіне шарт;
 - * жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлесіп орындалатын білім беру және зерттеу жобалары;
 - * серіктес ЖОО-мен бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру;
 - * академиялық алмасу бағдарламаларына қатысқан білім алушылар;
 - * докторанттарға ғылыми жетекшілік (қосжетекшілік) жасауға қатысатын шетелдік ғалымдар;
 - * қосдипломды білім беруді жоспарлау бойынша шетелдік ЖОО-мен қалыптасқан байланыстар;
 - * * жұмыс берушілермен шарттар практикасының тұрақты базалары;
 - * ПОҚ біліктілігін тұрақты арттыру, жақын және алыс шетел сертификаттарының болуы, сондай-ақ ағылшын тілінің деңгейі Intermediate деңгейінен төмен емес болуы.
- 2.2. Кафедра штатына: кафедра меңгерушісі, кафедра меңгерушісінің орынбасарлары, профессорлар, қауымдастырылған профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, оқу-көмекші персонал кіреді.

3. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

- 3.1. Мамандықтар бойынша жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес кәсіби білімі, іскерлігі, дағдысы бар жоғары білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды теориялық және практикалық даярлау.
- 3.2. Ел экономикасын инновациялық дамыту және үйлестірілген тиімді жұмыс істейтін ұлттық инновациялық жүйені құру мақсатында басым бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу.
- 3.3. Ғылымдағы ұрпақтар сабақтастығына жәрдемдесу, белгілі ғылыми-педагогикалық мектептерді сақтау және жаңаларын құру, болашағы зор ғылыми бағыттарды дамытуды қамтамасыз ету.
- 3.4. Халықаралық бағдарламалар шеңберінде ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілетті тақырыптарын, ғылым мен техниканы дамытудың басым бағыттарын, ҚР білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлеу.
- 3.5. Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру және іске асыру.
- 3.6. Ғылыми ұйымдармен терең интеграция, білім беру ұйымдарымен ғылыми-әдістемелік ынтымақтастық, оның ішінде эксперименттік алаңдар желісі арқылы.

	ҚазҰУ	Күні: 2021	Басылым: бірінші
	Филология факультетінің Шет тілдер кафедрасы туралы ережелер жиынтығы	Е 18-07	4/6 бет

3.7. Ғылыми-зерттеу ұйымдарын, зертханаларды, орталықтарды, шағын және орта кәсіпорындарды, старт-ап компаниялар мен басқа да мамандандырылған құрылымдарды құру және дамыту, олардың нәтижелерін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін енгізу.

3.8. Студенттерді, магистранттарды, PhD докторанттарын ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызметке тарту.

3.9. Оқу процесіне ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу.

3.10. Магистратура, PhD докторантура арқылы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) біліктілігін арттыру.

3.11. Кафедра мамандықтары бойынша оқитын студенттермен оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын ұйымдастыру және бақылау.

3.12. Кредиттік оқыту жүйесін жүзеге асыруда кафедра қызметін ұйымдастыру (эдвайзерлер қызметі, оқытудың жеке траекториясын таңдау, кредиттерді қайта есептеу және т.б.).

3.13. Студенттерді оқытудың нысандары мен әдістерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру.

3.14. Студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

3.15. Халықаралық қызмет.

4. ФУНКЦИЯЛАР

4.1. Кафедраның ғылыми, инновациялық, оқу-әдістемелік, тәрбие және басқа да жұмыс түрлерін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады;

4.2. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ құжаттау және құжаттаманы басқару регламентіне сәйкес өз қызметі бойынша құжаттама жүргізеді.

4.3. Іргелі, қолданбалы зерттеулер бойынша мемлекеттік тапсырыстарды орындайды және ғылыми-техникалық дамудың басым бағыттары мен елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инновациялық қызметті жүзеге асырады;

4.4. Оқу үрдісінде университет ғалымдары алған ғылыми зерттеулердің нәтижелерін пайдаланады;

4.5. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, оның ішінде өзінің шағын және инновациялық кәсіпорындарында, технопарктерде және т. б. енгізеді.;

4.6. Ақылы негізде ғылыми зерттеулерді орындауға кафедра білім алушыларының жалпы санының кемінде 10-20% студенттерінің, магистранттарының және PhD докторларының қатысуын ұйымдастырады;

4.7. Шетелдік оқытушыларды ғылыми-зерттеу және білім беру қызметіне тартады;

4.8. Әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарында ПОҚ-ның ғылыми тағылымдамаларына жәрдемдеседі;

4.9. Білім алушылардың шет елде (халықаралық) және ел ішінде академиялық ұтқырлығын іске асырады;

4.10. Қосдипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады;

4.11. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС), ҚазҰУ эксперименттік бағдарламалары және біліктілік сипаттамалары негізінде мамандарды даярлау және шығару жүзеге асырылатын жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлейді;

	ҚазҰУ	Күні: 2021	Басылым: бірінші
	Филология факультетінің Шет тілдер кафедрасы туралы ережелер жиынтығы	Е 18-07	5/6 бет

4.12. Кафедраның оқу пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады: пәндердің үлгілік, оқу бағдарламаларын және оқу-әдістемелік кешендерін, оқулықтарды, оқу құралдарын, тапсырмалар жинақтарын, кешенді тапсырмаларды, зертханалық жұмыстарды, техникалық оқыту құралдары (ТОҚ) бойынша материалдарды, пәндерді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдарды, сондай-ақ оқытудың барлық нысандары бойынша білімді ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау материалдарын әзірлеу;

4.13. Проводит все виды учебных занятий в соответствии с рабочим учебным планом по дисциплинам кафедры, обеспечивает качество их проведения, в том числе постоянно увеличивает количество дисциплин, читаемых на английском языке;

4.14. Разрабатывает и использует современные образовательные технологии и формы обучения, повышающие усвоение учебного материала обучающимися;

4.15. Организует учебно-методическое обеспечение самостоятельной работы обучающихся, направленное на развитие их способностей к поиску, анализу и формулировке результатов деятельности;

4.16. Организует и руководит профессиональными практикам обучающихся, курсовыми и выпускными (дипломными) работами;

4.17. Осуществляет действенные меры по трудоустройству выпускников, а также по набору студентов на первый курс;

4.18. Мамандар даярлауда кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен іскерлік ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын дамытады;

4.19. Кафедра бағдарына сәйкес мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асырады;

4.20. Бағыты мен тақырыптары кафедра бағдарына сәйкес келетін және оқытылатын ғылымдардың теориялық және практикалық мәселелерін одан әрі дамыту тұрғысынан перспективалы болып табылатын ғылыми зерттеулер жүргізеді (дисциплин);

4.21. Ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарына сәйкес келетін ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың, сондай-ақ оқытушылар мен құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, уақытша шығармашылық ұжымдар ұсынған және іргелі немесе қолданбалы сипаттағы қағидатты маңызды нәтижелерді алу мүмкіндігі тұрғысынан перспективалы болып табылатын бастамашыл тақырыптарды талқылайды;

4.22. Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды жүзеге асырады;

4.23. Кафедра бағдары бойынша диссертацияларды, зерттеу жұмыстарын талқылайды, рецензиялайды және олар бойынша қорытындылар дайындайды;

4.24. Әртүрлі шетелдік және отандық қорлардың гранттары бойынша ҒЗЖ орындайды;

4.25. Студенттердің, Оқытушылардың, басқа ұйымдар мен қорлардың, бастамашыл зерттеулердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады;

4.26. Магистранттар мен PhD докторанттардың қатысуымен тұрақты түрде жалғасып отыратын ғылыми семинар өткізеді;

4.27. Кәсіби қызметті өз бетінше және құзыретті жүзеге асыра алатын, шешімдер қабылдай және іске асыра алатын маманды қалыптастырады;

4.28. Патриотизм мен азаматтықты тәрбиелейді, осы мақсаттарға бағытталған қоғамдық іс-шаралар өткізеді;

4.29. Білім алушыларды салауатты өмір салтына, кафедраның, факультеттің, университеттің қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысуға ынталандырады;

	ҚазҰУ	Күні: 2021	Басылым: бірінші
	Филология факультетінің Шет тілдер кафедрасы туралы ережелер жиынтығы	Е 18-07	6/6 бет

4.30. Кафедра бағдары бойынша тақырыптық іс-шаралар өткізеді, білім алушылардың ой-өрісін кеңейтуге, таңдаған мамандығына қызығушылықтарының өсуіне ықпал етеді;

4.31. Мектеп, гимназия, лицей, колледж түлектері арасында тұрақты кәсіби бағдар беру жұмысын жүзеге асырады.

5.КАФЕДРАНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:

5.1. Кафедра қызметкерлері заңнамаға, Университет Жарғысына және ректордың бұйрығына сәйкес жауапты болады.

5.2. Кафедра қызметкерлері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы мен қызметкерінің корпоративтік мәдениет кодексінің нормаларын сақтамағаны үшін жауап береді.

6.ТАРАТУ

6.1. Кафедра университет Ғылыми Кеңесінің ұсынысы негізінде Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен таратылады.